

ҒТАХР 39.15.02
ӘОЖ 338.46

Р.Е. АГЫБЕТОВА,¹

PhD, доцент.

А.С. ОМАРОВА,¹

магистр.

Е.Э. ҒАЛИАКБАРОВ,¹

магистр.

А.Г. ГИЗЗАТЖАНОВА,¹

магистр.

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті¹

ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫНДА АУЫЛДЫҚ ТУРИЗМГЕ ТУРИСТЕРДІ ТАРТУ МӘСЕЛЕСІ

Андатпа

Қазіргі заманауи отандық және шет елдік әдебиеттерде «туризм» түсінігі және оның түрлерінің жіктелімдеріне арналған көптеген көзқарас бар. Ауыл туризмі дегеніміз – туризмнің ерекше кешенді түрі, ол өзіне ауылдық жерлерде туристердің ұйымдасқан және ұйымдаспаған демалысын біріктіретін формасы ретінде, ауылмен етене байланыстыру мақсатында, ауыл өмірімен таныстыру, жергілікті ауылшаруашылық табиғи қолданыстың (кәсіби және кәсіби емес) ерекшеліктерімен танысу деуге болады. Қоғамның ауылдық туризмге деген қызығушылығы XX ғ. аяғында байқалды, онда Еуропалық «Euroter» ұйымы ауылдық туризмді аграрлық аудандардың дамуы үшін маңыздылығын көрсетті, мәдени құндылықтарды және ауыл экологиясын сақтау, жергілікті жердің дәстүрлері мен өнімдерінің қалпына келуін ерекшелейді. Сондықтан, еуропалық тәжірибеде ауыл туризмі ауылдық жерлерді, мәдени құндылықтарды, ауыл дәстүрлері мен өнімдерді экономикалық қолданатын құрал ретінде маңызға ие. Ол тұтынушылардың орналасуына, тамақтануына, бос уақытына, ойын-сауығына және басқа да қызметтерге қоятын талаптарына сай келеді. Ол жергілікті тұрақты дамуды қолдайды және қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік айырмашылық көмегімен қазіргі қоғамның демалысының талаптарына жауап береді. Ауылдық жерлерде альтернативті қызмет түрлерін дамыту – ауылдық жерлердегі экономикалық өсімінің негізгі шарты. Ауылды жерлерді көтерудің негізі онда түрлі ауыл шаруашылығына тән емес түрлі шаруашылық түрлерін ұйымдастыру болып табылады. Бұл – ауыл туризмін дамыту, халықтың қолөнерін дамыту, ауылды жерлерде ауыл шаруашылығының өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарды салу және ел кеңінен қолданатын тауарларды өндіру мен экологиялық таза өнімді өсіру және т.б. деуге болады.

Тірек сөздер: ауылдық туризм, қонақжайлылық, коворкинг, әлеуметтік-экономикалық фактор, агро-туризм, экология, ауыл дәстүрлері.

Қазақстанда туризм индустриясының дамуының перспективті бағытының бірі – ауылдық туризм, жеткілікті деңгейде қолданылмайды. Агротуризм (ауылдық туризм) – бұл орта және шағын жеке кәсіпкерлік, бұл ауылдағы жұмыссыздықтың кемуі, бұл ары қарай жол құрылыстарын, үйлерді, клубтарды салу, жөндеу жұмыстарын жүрізу, ауылдағы жұмыссыздықтың төмендеуі, бұл туризмнің ары қарай дамуы – оқиғалық, қажылық, этнографиялық, бұл ауылшаруашылығының өндіруші және қайта өңдеуші жаңа инновациялық технологияларын меңгеру, бұл арнайы агротуристік ауылдарды құру, бұл ары қарай табиғи, тарихи ресурстарды ары қарай дамыту мен қолдану, бұл туризм бойынша ауыл адамдарының білімін арттыру, табиғи реурстар, өзен, көлдер, орман, тауларды және спорттық ғимараттарды тиімді қолдану және т.б. Осы көрсеткіштер бар туристік деңгей елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына сай келеді. Көретініміздей, ауылдық туризмді экономикалық тұрғыдан қарастыруымыз керек. Бәрімізге белгілі, шикізатты өндіріс кәсіпорнында өңдеусіз сатқан тығырыққа апарар жол деуге болады. Ауыл шаруашылығы – Қазақстанның маңызды секторы болып отыр. Бидай өндіру бойынша Қазақстан Республикасы ТМД елдерінде Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орынды алып отыр. Көкөніс өсіру, бақша, мақта, құс және мал өсіруді ары дамыту керек. Қазақстан тау-кен, отын, металлургия, химия өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы бойынша өндірілген шикізатты экспорттайды.

Қазақстандық экспорт құрылымында мұнай және мұнай өнімдері – 35%, түсті металдар – 17%, қара металдар – 16%, рудалар – 12%, руды – 12%, жарма – 9%, немесе одан да көп (мал, мақта, көкөніс, оларды өңдеу өнімдері), сондай-ақ, ауылшаруашылық, азық-түлік өндірісті жалпы республикалық азық-түлікті өндірудің үлесі 5%, өңдеу өнекәсібі – 16,5%. Бұл салада, 50 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған 2 мыңнан астам компаниялар бар және олар 1 трлн азық-түлік шығарады екен. Неғұрлым ірі азық-түлік өндірісін астықты қайта өңдеу саласы (23,5%), одан кейін сүт (16,3%), нан және нан-тоқаш өндіру (15,3%), етті өңдеу (13,4%), жемістер мен көкөністерді (8,1%), май және тоң май өндірісі (7,8 басқа да салалар 15,6% – кондитерлік, балық, тұз және т.б.

Бір қызығы, азық-түлік өнімдерінің импорт көлемі 56%-ға артты, соның ішінде, тамақ өнімдері 56%-ға дейін артты, кондитерлік өнімдер – 18,2%, сүт өнімдері – 13,5%, қант – 8,1%, құс еті – 6,2%, консервіленген жемістер мен көкөністер – 5,3%, шай – 0,9%, өсімдік майы – 0,6%, шұжық өнімдері – 0,4%.

Ұсынылған экономикалық көрсеткіштер ары қарай ауыл туризміні дамыту үшін Қазақстанда балық, орман шаруашылықтары, жеңіл өнеркәсіпті неғұрлым тез шешімін табу керек.

Ауылдық қонақжайлылық – ауылдық туризмнің бірінші кезеңі, ауылдық жердегі халық, оның ішінде фермерлерді қоса алғанда, жеке бос үйлері болып не өз үйлерінде бос бөлмелерге шаруашылыққа қажетті құралдарды (ыдыс-аяқтар, төсек орындар, орамалдар және т.б.) екі күннен бірнеше айға дейін ұсыну. Қосымша бірнеше қызметтер ұсынылуы мүмкін: көңіл-көтеру іс-шараларын ұйымдастыру (монша, кәуап пісіру, жеміс-жидектер мен саңырауқұлақтар теру, балық аулау, аң аулау, атқа отыру және т.б.), қонақты жеңіл-желпі ауылдағы жұмыстарға тарту, мысалы, малдарға жем беру, жеміс-жидектерді жинау және т.б. Агротуризм фермерлерге қосымша қаражат әкеледі, мысалы, Алматы облысындағы Еңбекшіқазақ ауданындағы Алматы қаласынан 55 км Аймен аулындағы страус өсірумен айналысатын «Фауна» фермерлік шаруашылығы жақсы жұмыс істеуде. Туристерге страус етінен тамақ, оның жұмыртқасынан тәтті тағамдар, страус қауырсындарын кәдесый ретінде ұсынып, ферма бойынша экскурсия ұйымдастырылады [1].

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі қызмет көрсету саласын дамыту Бағдарламасын іске асыру есебіндегі 2016 жылғы есептің туризм бөлігінде елдің аудандары бойынша біршама істер атқарылған, оның ішінде ауылдық туризмді де көруге болады (кесте 1, б. 203).

Агротуризмнің бір өнімі ретінде – қымызды алуға болады, қымызбен емдеу ежелден келе жатыр. Қазір Қазақстанның қай өңірін алсаң да қымызбен емдеу орталықтары бар, мысалы, Жамбыл облысының Т. Рысқұлов ауданында «Шәушен» шаруа қожалығы. Шығыс Қазақстандағы Қатонқарағай ауданында туристер мен демалушыларға – 2 шипажай, 12 пантамен емдеу орталығы, 12 қонақ үй, 12 дәмхана, 4 мейрамхана, 19 халыққа тұрмыстық қызмет көрсету объектілері, 9 ЖҚС, 252 сауда орындары жұмыс істейді. Ауданда туризмді дамыту үшін 2015–2017 жылдарға арналған 789,5 млн теңге көлемдегі 35 жобаны құрайтын туризмді дамытудың Жол картасы әзірленді. Жол картасын жүзеге асыру туристік қызмет көлемін 2017 жылға қарай 1,5 есе, 2020 жылға қарай 4,5 есе арттырады. Келушілердің саны 2,5 есеге артады. Қосымша жұмыс орындары ашылады. Туризмнің әлеуетті түрін дамытудың тұрақты факторы ретінде экологиялық туризмді дамыту үшін туристерді тарту мақсатында, ауылдың мәдени, тарихи, табиғи әлеуетін дамытуға және сақтауға мүмкіндік беретін «Алтай – Алтын таулар» трансшекаралық маршруты әзірленді. Ауыл жыл сайынғы облыстық туристік көрмелерге қатысады.


Жаңадан қалыптасып келе жатқан ірі туристік инвестициялық жоба – «Ақбура–Қазығұрт» туристік кешені қарқынды жүзеге асырылып отыр. Осы жоба аясында туристік кешен салу – қонақ үй құрылысын жүргізуге арнайы алаңдар, жаяу аяқ жолдары, демалыс орындарын салу үшін 1 миллиард 513 мың теңгені құрайтын жобада жүзеге асырылып жатыр. Егерде жоба толығымен іске асқан жағдайда атаулы жобадан 2,5 мыңнан астам туристер, емделушілер мен демалушыларға қызмет ететін 40 адам жұмыспен қамтылады деп күтіледі. Мұндай көрсеткіш бір ауылдық деңгейдегі жұмыссыздық деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді. Ресми тіркелген мәліметтерге сүйенетін болсақ, соңғы жылдары осы ауылға келген саяхаттаушылардың жалпы саны 20 мың кісіге жуықтап, олардан тапқан табыс көзі ортақ жылдық есеппен есептегенде 3,6 млн теңгені құрап отыр [2].

Кесте 1 – 2019 жылы елдің аудандарындағы туризм саласы бойынша атқарылған іс-шаралар

Іс-шаралар	Нәтижесі
	Инвестиция және даму министрлігіне есеп өткізіледі. Жоба шілде 2015–2019 жж. орындалады
Аудандық сайттарды жергілікті жердің көрікті жерлерімен және туристік әлеуеті туралы ақпаратпен қамтамасыз ету	Шығыс Қазақстан бойынша интерактивті карта www.visiteast.kz жасалды, онда осы аймақ бойынша 520 туристік объектілер, жергілікті туристік әлеует кірістірілді. Интерактивті карта экологиялық, спорттық, этнографиялық, медициналық, балалар-жастар туризмі сияқты бөліктерге бөлінген. Батыс Қазақстан облысы бойынша ақпарат: www.business-bko.gov.kz . Қызылорда облысы бойынша: www.e-kyzylorda.gov.kz , және «Сыр бойы»: www.syrboyi.kz және «Кызылординские вести» газеттерінде жарыққа шығады: www.kv.ucoz.kz . Атырау облысында сайт жаңартылуда: www.atyrautourism.kz Оңтүстік Қазақстан бойынша: www.ontustiktravel.kz . – бірыңғай портал құрылды. Қостанай облысында «BEST KZ» туроператорымен сайт әзірленді
Туристік саланың шебер-жоспарларын жүзеге асыру және бақылау	Алматы қаласы «Алматы–2020» дамыту Бағдарламасына сәйкес және Астана қаласы ЭКСПО–2017 жүргізуге есептелген Шебер-жоспар негізінде жүзеге асады. Ақмола облысы 2014–2016 жж. Ақмола облысының туристік кластерін дамыту бойынша Шебер жоспарын жүзеге асырады. Инвестиция болмауына байланысты жоспарланған жобалар ішінара орындалған. 2020 жылға дейін Ақтөбе облысының туризмін дамыту бойынша іс-шаралар Жоспары бекітілді. Атырау облысында 2015–2017 жж. ішкі және сыртқы туризмді дамыту бойынша іс-шаралар Жоспары бекітілді. Батыс Қазақстан туристік саланы дамыту бойынша іс-шаралар Жоспары 2016 жылға бекітілген. Жамбыл облысы туристік саланы дамыту бойынша іс-шаралар Жоспары 2016 жылға бекітілген. Қарағанды облысы бойынша туристік саланы дамыту бойынша іс-шаралар Жоспары 2014–2018 жылдарға бекітілген. Қостанай облысы бойынша туристік саланы дамыту бойынша іс-шаралар Жоспары 2015–2020 жылдарға бекітілген. Маңғыстау облысы бойынша туристік саланы дамыту Кендірлі зонасын дамыту Жоспары мен Маңғыстау облысын 2016–2020 жылдары дамыту Бағдарламасы арқылы жүзеге асады. Оңтүстік Қазақстан облысында қаражаттың жетпеуіне байланысты біршама жобалар белгіленбеген уақытқа көшірілді. Павлодар облысында 2015–2020 жж. Павлодар облысында туристік кластерді құру мен дамытудың Шебер-жоспары бекітілген. Солтүстік Қазақстан облысында 2015–2017 жж. туризмді дамыту бойынша Шебер-жоспар әзірленді.
Ескертпе – Мәліметтер [2] негізінде алынды.	

Мемлекет тарапынан туризмді дамыту бойынша біршама Бағдарламалар, Шебер-жоспарлар әзірленіп, оларды атқару іс-шаралары қолға алынуда, соның ішінде үлкен сектор ол ауылдық туризм екені белгілі. Ауылдық туризмнің жаңа бағытын дамытуды айтуға болады. Алатау бөктеріндегі 100 га жерге кез келген адам инвестиция салу арқылы «Агросаябақтың» серіктесі болуға болады, «Агробак» өзі қолдау көрсетіп, керекті кеңесті ұсынады. «Қазіргі сәтті бұл көпшілігіміз үшін ситуациядан шығудың жалғыз амалы» – деді жобаны ұйымдастырушы Р. Фазылбеков. «Агробактың» мақсаты фермаға қызығатындарды максималды түрде тарту, ол қазір ауылдық жоба ретінде қабылдануда. «Ережеге сай территорияға дара дақылды егіс егіледі. Қала тұрғыны барып 50 га жерге картоп отырғызады» – бұл оған қызық емес, ал жобаны ұйымдастырушылар диверсификация әдісімен салаттың түрлерін, жаңғақтар, жидектер, көкөністер, гүлдерді отырғыза алады, оның арқасында табыс көлемі артады. «Агробак» алдағы уақытта – мәдени алмасу және идеямен алмасу үшін кеңістік құрады. Жаңа фермерлер оны «ауылдық туризм» деп атап, қонақ үй кеңістіктерін, кампустарды, коворкингтерді, зертханаларды, жылыжайларды, корпоративтерді қамтиды. Қазақстан нарығына органикалық өнімді дәріптеу болып табылады. Social Farm Agropark қоғамдық жоба ретінде тұрғындармен жұмыс істеп, оларды заманауи фермерлікке шақыратын болады [3].

Жалпы ауылдық туризмді дамытуға талдау тәжірибелік-ұйымдастырушылық және экономикалық тәсілдер арқылы жүргізіледі. Өнеркәсіп пен инфрақұрылымды дамыту бойынша туризмнің басқа түрлеріне қарағанда, ауылдық туризм демалыс кезінде әлеуметтік-экономикалық факторлардың әр түрлі әсерін көрсетеді. Туризмді дамытудың әлеуметтік-экономикалық факторлардың типологиясын ескере отырып, зерттеушілер олардың құрамы мен топтау кезінде көзқарастары әртүрлі болады. Ауылдық туризмнің тікелей дамуына не қатысты екендігі жөніндегі сұрақтарды және кешенді зерттеулерді айтарлықтай сирек жүргізіледі. Соңғы уақытта сарапшылардың пікірлері бойынша ауылдық туризмнің дамуын айқындайтын факторлардың айтарлықтай құрамы өзгерген (сурет 1).




Сурет 1 – Туризмнің аймақтық дәрежеде дамуының әлеуметтік-экономикалық факторлар жиынтығы

Ескертпе – Автормен құрастырылған.

Алғашқы ғылыми-практикалық зерттеулердің бірінде ауылдық туризмнің дамуына кедергі келтіретін факторлардың келесідей тізімі көрсетілген болатын:

- ♦ іскерлік қызмет туралы нормативтік құқықтық актілер мен шектеулердің үлкен саны шағын бизнеске елеулі тосқауыл қояды;
- ♦ ауыл шаруашылығы саласында фермерлер мен жеке шаруашылықтардың ұсынған әлеуметтендірудің жоғары деңгейі және жеке сектордың шағын үлесінің болуы инвестициялық тартымдылықты азайтады;
- ♦ қазақ ауыл тұрғындарының табыс деңгейі төмен болуы бастапқы инвестицияға мүмкіндік бермейді;
- ♦ туристің демалыс ретінде Қазақстандағы ауылдық туризм бойынша имиджінің болмауы, шетелдік туристер арасында сұранысты ынталандыра алмау;
- ♦ ауылдық қызмет көрсету және жол инфрақұрылымының дамымауы;
- ♦ демалушы туристерге маркетингтік жарнаманың болмауы;
- ♦ ауылдық туризм бизнесінде жұмыс жасайтын кадрлардың жетіспеушілігі және арнайы мамандарды осы бағытта дайындамау [4].

Ауылдық туризмді дамыту бұл ауыл халқына қосымша табыс алып келетін бірден-бір парасала. Сол себепті, ауылдық туризмді дамыту үшін көптеген іс-шаралар жүргізілуі қажет. Ауылдық туризмнің типологиясын Н. Мозгунов келесідей көрсетеді (сурет 2).



Сурет 2 – Ауылдық туризмді дамытудың негізгі факторлары

Ескертпе – Мәліметтер [2] негізінде автормен құрастырылған.

Бұл көрсетілген факторлар туризмнің барлық түрлеріне қатысты, алайда көптеген жерлерде «субъективті» факторы жеткілікті түрде даулы болып келеді. Ал, әлеуметтік-экономикалық факторы қандай негіз бойынша бөлініп көрсетілетіні түсініксіз. Жоғарыдағы факторлардың барлығы ауылдық туризмді дамытуда әлеуметтік-экономикалық факторға тікелей қатысты болып табылады.

Бұл факторлар дамымаса, кәсіпкерлікті инвестициялық тартымдылығын теріс әсер етуі арқылы ауылдық туризм жобаларды дамытуға кедергі келтіреді.


Сөзсіз, ауылдық туризмді дамыту үшін сарапшылар инновациялық факторлардың маңызын атап көрсетеді. Мысалы, «Жасыл ел» бағдарламасы бойынша біршама жобалар жасалып, ауылдық туризмді дамыту бойынша маркетингтік және мультимедиялық құралдардың түрлі маңыздылығын және жоғары тиімділігін көрсетті, соның ішінде:

- ◆ навигациялық және жеңілдік бағдарламаларды үйлестірімділігі (интернет және ТВ арналарында жарнамалау);
- ◆ радио арқылы жасыл туризм жайында ақпараттық білім беру және насихаттау;
- ◆ жасыл туризмнің объектілері көрсетілген және орналастыру орындарын брондау жөніндегі интернет-портал жүргізу;
- ◆ орналастыру орындарын сертификаттау [5].

Оңтүстік Қазақстан облысының Төле би ауданында ауылдық туризмді дамытуда бірнеше концепциялар қарастырылды. Солардың ішінде бірнеше фактор аталып көрсетілді олар: жүйелі фактор, Қазақстанның басқа аудандарына қарасты фактор және Төле би ауданына қарасты факторлар. Төле би ауданында Сайрам-Өгем ұлттық парк пен Ақсу-Жабағалы қорығы орналасқан ол ауыл тұрғындары үшін мақтанарлықтай жағдай, әсіресе Төңкеріс, Қасқасу, Диқанкөл ауылдары үшін ауыл туризмін дамыту керек. Ауданды көне тарихи мекенге апара саяхат мекеніне айналдыруға болады. Сол себепті, келесі факторларды көрсетуге болады (сурет 3, б. 206).

Бұл тәсіл ауылдық туризмнің дамуына әсер етуші нақты жағдайларды көрсетеді. Туристер үшін тұру және байланыс – ауылдық туризмде қаншалықты маңызды екендігін сарапшылар көрсетті. Ауылдық жерде демалу барысында ең басты ол орналастыру орнының таза және ыңғайлы орында орналасуы. Сонымен қоса, ауыл тұрғындары жеке табыс көзі ретінде өздерінің үйлерін пансион ретінде жалға беруге болады, бұл туристердің ауыл тынысымен өмір сүруіне үлкен септігін тигізеді. Сарапшылардың пікірі бойынша ауылдық мекендерді инфрақұрылым басты мәселе болып табылады. Ауылдық жерлерде көліктік желі және инженерлік желі кемшіліктері бар және көптеген ауылды жерлерде электр қуат көзі, сумен жабдықтау мәселесі

ең басты мәселелердің бірі болып табылады. Осы мәселелерді шешу мақсатында «Ауылдық аумақтардың тұрақты дамуының факторы ретінде ауыл шаруашылығында туризмді дамыту» атты дөңгелек үстел өтті. «Жол картасы–2020» бағдарламасы бойынша 2020 жылға дейін барлық ауылдық аймақтарда жол жасалып, сумен жабдықтау жұмыстары жүргізіледі деген тұжырымдамалар жасалған.



Сурет 3 – Аудандағы ауылдық туризмнің дамуын тежейтін факторлар

Ескертпе – Автормен құрастырылған.

Ауылдық туризм бағыттардың болуы, сондай-ақ туризм мен басқа порталдардың олардың өкілдігі туристік сұраныстың тікелей жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Қолдау факторлары өндірістік және маркетинг саласында естелік өнімдерін дамыту болып табылады, яғни келген демалушыға аймақтан естелік сувенирлер ұсынуға болады. Елімізде жоғарыда көрсетілген факторлар ауылдық туризмді дамыту мақсатында қолданылса нұр үстінен нұр болар еді.

Қазақстан жеріндегі ауылдық туризмнің дамымай отыруының басты себептерінің бірі де осы факторлармен негізделеді. Туризм саласын алдыңғы бөлімдерде көрсетілгендей мемлекеттік шаралар жиынтығын ауылдық туризм және жергілікті билік үшін өте маңызды болып табылады, сондықтан бұл жағдайда мемлекет тарапынан қолдау қажет. Ауылдық туризмді дамыту үшін жергілікті халықтың мотивация мен мүдделерін қарастыру, ауылдық туризм саласындағы өзін-өзі реттеу маңызды фактор болып табылады.

Ауылдық туризм саласындағы инновация маңыздылығы ауылдық туризм саласындағы инновацияларды қолдау және инфрақұрылымның ғылыми-әдістемелік қолдау, дамытудың маңыздылығын факторы болып табылады. Ауылды жерде жергілікті қоғамдастық, туризмді дамыту арқылы, ауыл шаруашылығы мамандардың ауылдық туризмді дамытуға ықпал ортаны құруға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, Қазақстан аймағындағы ауа-райы қолайлы, халқы қосымша табыс тапқысы келетін ауылдық жерлерді туризмнің орталығына айналдыру керек. Ауыл туризмі дамыту арқылы біз өзіміздің бірегей брендімізді құрамыз. Сол себептен, туризмнің бұл түрін дамыту үшін көптеген іс-шаралар жүргізілуі қажет, мемлекет тарапынан қолдау керек. Ең бастысы ауыл тұрғындарының қонақжайлық қасиетін шыңдау керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Сельский туризм: опыт и перспективы развития // Сельский туризм в России: материалы II Международного форума (2–3 августа 2013 г., Белгород). – М.: ФГБНУ «Росинформагротех», 2013. – 268 с.

2 Казьмина Е.Б. Развитие услуг сельского туризма в российских регионах: автореферат дис. ... канд. экон. наук. – Москва, 2012.

3 Международной форум «Сельский туризм»: сборник материалов / под общей ред. Щетинина М.П. – Барнаул: АЗБУКА, 2013. – 346 с.

4 Мозгунов Н.А. Географические факторы развития сельского туризма в Центральной России: автореферат дис. ... канд. геогр. наук. – Москва, 2010.

Аннотация

В современной отечественной и зарубежной литературе существует много подходов к понятию «туризм» и классификации его видов. Сельский туризм – это уникальный комплекс туризма, который может использоваться как сочетание организованного и неорганизованного отдыха туристов в сельской местности, внедрения сельской жизни, средств к существованию в сельских районах и ознакомления с местными методами ведения сельского хозяйства (профессиональными и непрофессиональными). Интерес общества к сельскому туризму наблюдался в конце XX в., европейская организация «Euroter» продемонстрировала важность сельского туризма для развития аграрных районов, подчеркнув сохранение культурных ценностей и сельской экологии, восстановление местных традиций и продуктов. Таким образом, в европейской практике сельский туризм важен как инструмент экономического использования сельских районов, культурных ценностей, сельских традиций и продуктов. Он соответствует требованиям для размещения, питания, досуга, развлечений и других услуг, поддерживает местное устойчивое развитие и отвечает потребностям современного общества с помощью социальных различий между городом и деревней. Развитие альтернативной деятельности в сельской местности является ключевым условием экономического роста в сельской местности. Основой развития села является организация различных несельскохозяйственных видов деятельности. Это развитие сельского туризма, развитие народных промыслов, строительство сельскохозяйственных перерабатывающих предприятий в сельской местности, производство широко используемых товаров и производство экологически чистых продуктов и т.д.

Ключевые слова: сельский туризм, гостеприимство, коворкинг, социально-экономический фактор, агротуризм, экология, сельские традиции.

Abstract

In modern domestic and foreign literature there are many approaches to the concept of “tourism” and the classification of its types. Rural tourism is a unique complex of tourism that can be used as a combination of organized and unorganized recreation of tourists in rural areas, introduction of rural life, livelihood in rural areas and familiarization with local farming methods (professional and non-professional). Public interest in rural tourism was observed at the end of the twentieth century, where the European organization “Euroter” demonstrated the importance of rural tourism for the development of agrarian regions, emphasizing the preservation of cultural values and rural ecology, the restoration of local traditions and products. Thus, in European practice, rural tourism is important as a tool for the economic use of rural areas, cultural values, rural traditions and products. It meets the requirements for accommodation, food, leisure, entertainment and other services, supports local sustainable development and meets the needs of modern society through social differences between the city and the countryside. The development of alternative activities in rural areas is a key condition for economic growth in rural areas. The basis of rural development is the organization of various non-agricultural activities. This is the development of rural tourism, the development of folk crafts, the construction of agricultural processing enterprises in rural areas, the production of widely used goods and the production of environmentally friendly products, etc.

Key words: rural tourism, hospitality, coworking, socio-economic factor, agrotourism, ecology, rural traditions.